

Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 19/131-VIII "Абай облысы аумағында тіркелген, Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Абай облысы мәслихатының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 32/217-VIII шешімі

Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Абай облысы аумағында тіркелген, Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы" Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 19/131-VIII шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы мәслихатының төрағасы

III. Байбеков

Абай облысы мәслихатының
2025 жылғы 08 желтоқсан
№ 32/217-VIII шешімімен
бекітілген

Абай облысы мәслихатының
2024 жылғы 26 қыркүйектегі
№19/131-VIII шешімімен
бекітілген

Абай облысы аумағында тіркелген, Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы тізбесі

№ п/п	Аурудың (жағдайдың) атауы	Азаматтар санаты	Дәрілік заттарды немесе медициналық бұйымдарды немесе арнайы емдік өнімдерді тағайындау үшін көрсетілімдер (дәрежесі, сатысы, ағымының ауырлығы)	Дәрілік заттардың (дәрілік нысан) немесе медициналық бұйымдардың немесе арнайы емдік өнімдердің атауы
1	2	3	4	5

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар

1	Идиопатиялық (бастапқы) өкпе гипертензиясы	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Мацитентан Риоцигуат Селексипаг
2	Жүйелі қызыл жегі	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Ритуксимаб
3	Басқа салдарлық гипертензия	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Силденафил Риоцигуат Бозентан Ривароксабан Илопрост
4	Атиптік гемолитикалық уремиялық синдром	Динамикалық байқауда тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Экулизумаб
5	Бастапқы иммун тапшылығы. Комплимент жүйесіндегі ақау. Тұқым қуалайтын ангионевротикалық ісік	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	C1 ингибитор - адам эстеразасы
6	Жедел промиелоциттік лейкомия	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Третиноин
7	Оптическоевромиелит (Девик ауруы)	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Ритуксимаб
8	Ювенилдік идиопатикалық артрит жүйелік нұсқа	Динамикалық байқауда тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Адалimumаб Тофацитиниб Анакинра Тоцилизумаб
9	Аутоинфламациялық ауру CANDLE синдромы	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Тофацитиниб
10	Анкилозды спондилит	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Секукинумаб
11	Ойық жаралы колит	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Адалimumаб
12	Жүйелі беріштену	Динамикалық байқауда тұрған		Бозентан Ритуксимаб

		азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Тоцилизумаб
13	Псориаз	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Гуселькумаб
14	Бірнеше эндокриндік бездің зақымдануы	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Тестостерон Гидрокортизон
15	Бронхопульмональды дисплазиясы бар және/немесе туа біткен патологиясы бар шала туылған нәрестелер	Балалар, 28 күннен 18 айға дейін, бронхоөкпе дисплазияның ауыр ағымында немесе гемодинамикалық тұрғыдан маңызды жүректің туа біткен кемістіктері болған жағдайда 2 жасқа дейін	Ауырлықтың ауыр дәрежесі	Паливизумаб
16	Вегенер гранулематозы	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Ритуксимаб
17	Аорта доғасы синдромы (Такаясу)	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Тоцилизумаб
18	Дерматополимиозит	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Ритуксимаб
19	Д р а в е синдромындағы эпилепсиялық энцефалопатия	Динамикалық байқауда тұрған балалар	Ж е к е көтералмау-шылық жағдайында	Топирамат (Топамакс), Вальпрой қышқылы (ДепакинХроно)
20	Түйінді полиартерит	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Тоцилизумаб Ритуксимаб
21	Миастения	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Азатиоприн Метилпреднизолон
22		Динамикалық байқауда тұрған	Рецидив кезінде-толық ремиссиядан кейін жаңадан пайда болған протеинурия	Ритуксимаб

	Гломерулярлық ауру, нефротикалық синдром	азаматтардың барлық санаттары	немесе ішінара ремиссиядан кейін өсу.	
2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық бұйымдар				
1	Буллездік эпидермолиз	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Медициналық мақсаттағы бұйымдар
3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі арнайы емдік өнімдер				
1	Басқа көріністі жылауықты фиброз (муковисцидоз)	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Мамандандырылған емдік өнімдер
2	Целиакия	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Мамандандырылған емдік өнімдер
3	Буллездік эпидермолиз	Динамикалық байқауда тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Мамандандырылған емдік өнімдер
4	Ақуыз – энергетикалық жеткіліксіздікпен бірге жүретін церебральды сал ауруы	Динамикалық бақылауда тұрған 10 жасқа дейінгі балалар	Ауырлықтың орташа және ауыр дәрежелері	Мамандандырылған емдік өнімдер
5	Көптеген туа біткен ақаулар (соның ішінде Мобиус синдромы, Бульбар синдромы, мидың ауытқулары және Даун синдромы)	Динамикалық бақылауда тұрған 10 жасқа дейінгі балалар	Ауырлықтың орташа және ауыр дәрежелері	Мамандандырылған емдік өнімдер